

6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ахметова Жадыраның «Жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін белгілеу керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация қаржыландыратын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалды</p> <p>мемлекеттік бюджет (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету)</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалды (бағдарлама атын көрсету)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Қазіргі кездегі медицина саласының маңызды және басымды міндеттерінің қатарына ана денсаулығын қорғау, соның нәтижесінде өмірге дені сау ұрпақтың келуі, халық санының көбеюі тәрізді мәселелер жатады.</p> <p>2021 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «Дені сау ұлт»: әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын бекітті, оның негізгі міндеттерінің бірі «Жүкті әйелдердің денсаулығын сақтау және балалардың денсаулығын нығайту» болып табылады.</p> <p>Стратегиялық мақсат 2030 жылға қарай ана өлімін 100 000 тірі туғандарға шаққанда 13,0-ге дейін және нәресте өлімін 1000 тірі туғандарға шаққанда 7,1-ге дейін төмендетуге қол жеткізу болып табылады.</p> <p>Әйелдің тәни және психикалық денсаулық жай-күйінің сақталуы, жүктіліктің қалыпты ағымы мен оң нәтижесі, дені сау баланың тууы және босанғаннан кейінгі асқынулардың болмауы босанғанға дейін бақылау сапасының негізгі индикаторлары болып табылады.</p> <p>Денсаулық сақтау Министрлігімен амбулаторлық деңгейде жүкті әйелдерге медициналық көмек көрсетудің нормативтік-құқықтық базасы мен әдістемелік тәсілдерді жетілдіруде. Емханаларда бірінші күні емханаға жүтінген және ерте есепке тұрған (10-аптаға дейін) әйелдерге медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ететін «жүкті әйелдерге арналған жасыл дәліз» қағидаты енгізілген.</p> <p>Бұл ретте ана мен баланың денсаулығын қорғау саласындағы медициналық көмекті оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар жүйесін кешенді талдау, біріншіден, әйел мен жана туылған</p>

			<p>нәресте денсаулық көрсеткіштері мен репродуктивті нәтижелерін, екіншіден, ана мен баланы қорғау қызметін дамыту процесін мультидисциплинарлы басқару ерекшеліктерін зерттеу үлкен маңызға ие. Бұл тұрғыда Ж.К. Ахметованың диссертациялық зерттеуі уақтылы және өзекті болып табылады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Ана өлімі денсаулық сақтау жүйесі жағдайының ең әлсіз көрсеткіштерінің бірі болып табылады. ДДҰ деректері бойынша жыл сайын әлемде 536 мың әйел жүктілік пен босану кезінде қайтыс болады. Халықаралық қауымдастық өзіне 2030 жылға қарай ана өлімінің коэффициентін 2010 жылғы көрсеткіштен үштен екісіне дейін төмендетуге міндеттеме алды.</p> <p>2015 жылғы қыркүйекте БҰҰ Бас хатшысы 2016-2030 жылдарға арналған әйелдер, балалар және жасөспірімдер денсаулығын сақтаудың жаңартылған Жаһандық стратегиясын ұсынды.</p> <p>Ахметова Жадыраның жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілін бағалауға арналған диссертациялық жұмысы ана мен баланы денсаулығын қорғауға, ана мен балаға нақты жан-жақты көмек көрсетуге, демографиялық жағдайды жақсартуға, отбасылық құндылықтарды жаңғыртуға және нығайтуға бағытталған әйелдер кеңесінің қызметін бағалай отырып, акушерлік проблемаларға мультидисциплинарлы көзқарас негізінде бағыт алған. Бұл міндетті іске асыру мақсатында жүкті әйелдерді босануға дайындық кезіндегі мультидисциплинарлы зерттеу шеңберінде, әйелдің өзінің қажеттіліктерін де, медицина институтының мүмкіндіктерін де ескере отырып, жүкті әйелді ана рөлін орындауға дайындаудың оңтайлы моделін әзірлеуге мүмкіндік бере отырып, ғылыми-тәжірибелік маңызы кеңінен ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) төмен; 4) өзі жазған жоқ	<p>Рецензиялауға ұсынылған жұмыс өз бетінше жазу стилі қалыптасқан, диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптарына сай орындалған әрі толық аяқталған ғылыми жұмыс.</p> <p>Ғылыми жұмыстың логикалық құрылымының жүйелі,</p>

4.	Ішкі бірлік принципі		<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Негізделген; 2) ішiнара негiзделген; 3) негiзделмеген. 	<p>тұжырымдарының дәлелді, ғылыми теориялық мәліметтерінің негізділігі автордың ғылыми жарияланымдарымен де дәлелденіп, өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін растайды.</p>
<p>Бүгінгі таңда, жүкті әйелдерді босануға дайындық жүргізу барысында отандық ғылымда алғаш рет медициналық-әлеуметтік зерттеу материалы акушер-гинеколог дәрігер мен босандыру жүйесінің басқа агенттерінің қарым-қатынасының ролі мен ерекшеліктерін анықтады, осы саладағы қақтығыстардың алдын-алу және шешу әдістері бойынша ұсыныстар жасалды.</p> <p>Жұмыста жүктілік туралы акушер-гинекологқа жүгінген әйелдің медициналық-әлеуметтік портреті ұсынылған және босандыру жүйесінде жеке медицина әдістерін қолдану перспективалары көрсетілген.</p> <p>Акушерлік көмек жүйесіндегі акушер-гинеколог дәрігерлердің кәсіби диспозицияларын талдау негізінде пациенттерге медициналық көмек көрсетудің түрлі кезеңдерінде медициналық қоғамдастықтағы өзара қарым-қатынастарды оңтайландыру бойынша ұсынымдар әзірленді. Медицина әлеуметтануының сапалы әдістерін қолдану, босандыру жүйесіндегі этикалық және құқықтық қақтығыстарды типологиялауға және олардың алдын-алу және шешу бойынша ұсыныстар ұсынуға мүмкіндік берді.</p> <p>Осыған орай, жұмыс тақырыбының қазіргі кездегі өзектілігі қоғамдық денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін тудырып, зерттеу мәліметтерінің ғылыми тұрғыдан талдануы диссертация өзектілігінің негізделгенін көрсетеді.</p>			<p>Бүгінгі таңда, жүкті әйелдерді босануға дайындық жүргізу барысында отандық ғылымда алғаш рет медициналық-әлеуметтік зерттеу материалы акушер-гинеколог дәрігер мен босандыру жүйесінің басқа агенттерінің қарым-қатынасының ролі мен ерекшеліктерін анықтады, осы саладағы қақтығыстардың алдын-алу және шешу әдістері бойынша ұсыныстар жасалды.</p> <p>Жұмыста жүктілік туралы акушер-гинекологқа жүгінген әйелдің медициналық-әлеуметтік портреті ұсынылған және босандыру жүйесінде жеке медицина әдістерін қолдану перспективалары көрсетілген.</p> <p>Акушерлік көмек жүйесіндегі акушер-гинеколог дәрігерлердің кәсіби диспозицияларын талдау негізінде пациенттерге медициналық көмек көрсетудің түрлі кезеңдерінде медициналық қоғамдастықтағы өзара қарым-қатынастарды оңтайландыру бойынша ұсынымдар әзірленді. Медицина әлеуметтануының сапалы әдістерін қолдану, босандыру жүйесіндегі этикалық және құқықтық қақтығыстарды типологиялауға және олардың алдын-алу және шешу бойынша ұсыныстар ұсынуға мүмкіндік берді.</p> <p>Осыған орай, жұмыс тақырыбының қазіргі кездегі өзектілігі қоғамдық денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін тудырып, зерттеу мәліметтерінің ғылыми тұрғыдан талдануы диссертация өзектілігінің негізделгенін көрсетеді.</p>	

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындалды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертация мазмұны оның тақырыбын және зерттеу мәселесін шешу ұсыныстарын толық ашады. Яғни диссертация мазмұны зерттеудің мақсатына қол жеткізудегі міндеттерін шешуді қамти отырып тұжырымдалатыны ғылыми жұмыстың тақырыбымен анықталады.</p> <p>Жұмыстың ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, зерттеу нәтижелерін қорыта келе қорғауға ұсынылған қағидалар зерттеу методологиясын нақты жүргізуде қол жеткізген нәтижелер. Диссертация бөлімдерінің өзара байланыстылығы жұмыс мазмұнының диссертация тақырыбына толық сәйкестігін білдіреді</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Докторантпен нақты әрі дәл құрастырылған зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілін бағалай отырып, ананың рөлін орындауға дайындықтың медициналық-әлеуметтік-психологиялық факторларын зерттеу және олардың қалалық емханадағы жүкті әйелдерді диспансерлік бақылау жүйесіндегі маңыздылығын бағалады. Мамандарының жүкті әйелдерге медициналық-профилактикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету жөніндегі қызметіне талдау жасап, оның ішінде олардың медициналық қызмет көрсетуге қанағаттанушылығы зерделенген. Әлеуметтік зерттеу материалдары негізінде босандыру жүйесіндегі акушер-гинеколог дәрігерлердің кәсіби диспозицияларына сипаттамалық талдау жүргізу және акушер-гинеколог дәрігерлердің босандыру процесінде рөлдерді бөлуге қатынасын анықтау және оны оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірленген. Жүкті әйелдерді медициналық-әлеуметтік-психологиялық қолдаудың тиімділігін арттыру және біріктіру мақсатында жүкті әйелдерді босануға дайындау кезінде мультидисциплинарлық тәсілді енгізу бойынша ұсыныстар енгізілді.</p>

		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдерімен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) байланыс жартылай; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор ғылыми жұмыстың ішкі жүйелілігін және алынған нәтижелердің бірлігін анықтайтын зерттеу мақсаты мен міндеттері сәйкес келетін логикалық қорытындыларды тұжырымдады. Диссертация қазақ тілінде ұғынықты да, нақты әрі сауатты жазылған.</p>
5.	Ғылы ми жаңаш ылдық принц ипі	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың дәйексөздері <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа) 	<p>Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер мен қағидағтар дәлелденіп, сыни талдау жүргізілген. Жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілді бағалаудағы зерттеудің қағидағтары мен жаңа деректері ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, ғылыми-әдеби шолу жасауда және өзіндік зерттеулерде бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылып сыни талдаулар жасауы арқылы бағаланған.</p> <p>Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидағтар мен ғылыми нәтижелер толығымен жаңа әрі жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілді бағалаудың жаңа үлгісінің нәтижелерін практикалық денсаулық сақтауға енгізу актілерімен негізделеді. Атап өткендей, ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қағидағтары толығымен жаңа бола отырып қоғамдық денсаулық сақтауға жаңашыл шешімдерін ұсынған жұмыс деп бағаланады.</p>

Мүт

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері және қорытындылары күмәнсіз жаңа болып табылады. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар диссертациялық жұмысқа қойылатын ғылыми жаңалық дәрежесіне ие. Сонымен қатар жүкті әйелдерді босануға дайындаудың мультидисциплинарлы тәсілін бағалауға жаңа бір ғылыми үлес қоса отырып алынған қорытындылар ғылыми дәрежедегі жаңалығымен айқындалады.</p> <p>Диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер негізделген әрі жаңа болып табылады. Жүкті әйелдерді диспансерлеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында оларды БМСК деңгейінде медициналық-психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеу үшін практикалық пайдалануға; Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтауды ұйымдастыру, акушерия және гинекология, психология саласындағы, сондай-ақ "Денсаулық сақтауды ұйымдастыру", «Денсаулық сақтау және қоғамдық денсаулық сақтау», "Акушерия және гинекология" мамандықтары бойынша дипломнан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесіндегі одан әрі теориялық және қолданбалы ізденістер үшін, медициналық мекемелердің практикалық жұмысында пайдаланылуға ұсынылып, жұмыстың технологиялық, экономикалық жағынан басқару шешімдерінің толығымен жаңа екенін растайды.</p>
--	---	---

Handwritten signature

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық курстар үшін)	Алынған нәтижелердің дұрыстығы талданған мәліметтердің қажетті көлемімен, таңдалған зерттеу әдістерімен және статистикалық өңдеулермен негізделген. Барлық негізгі қорытынды тұжырымдар жоғары сапалы зерттеу мен жүйелі шолулар жасауға мүмкіндік беретін әдеби көздерден тұратын ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымына сәйкес алынған ғылыми нәтижелері мен қорытындылары, ғылыми деректерді пайдалану тәртібі, жұмыстың көлемі, техникалық талаптарға сәйкестігі (PhD) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды қанағаттандырады. Барлық қорытындылар автордың жұмысы арқылы алынған зерттеу нәтижелерін талдаудан тұрады және зерттеу міндеттеріне сәйкес тұжырымдалады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген; 2) жеткілікті дәлелденген; 3) жеткілікті дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар, 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденді ме?</p>	Диссертациялық жұмыстағы қорғауға ұсынылатын негізгі қағидағтар жаңа әрі дәлелденген, сонымен қатар денсаулық сақтауда практикалық қолдану мүмкіндігіне ие. Ахметова Жадыраның диссертациялық жұмысының негізгі қағидағтары Scopus мәліметтер базасында; Білім және ғылым сферасында бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалаларымен ғылыми дәлелденген; практикалық тұрғыдан қолданыс аясы кең әрі жаңашыл. Авторлық мақалалармен зерттеудің мәселелері толық қамтылып, жан-жақты зерттеу нәтижесінде алынған қағидағтар дәлелденген.

		<p>1) иә; 2) жоқ</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда зерттеу әдістерінің кешенін әрі зерттеу нәтижелерін дәлелді статистикалық әдістермен үйлестіру схемасын таңдау және алынған нәтижелерді графикалық бейнелеу талданатын мәліметтедің типтеріне байланысты. Зерттеу методологиясын таңдау жеткілікті дәрежеде сипатталып негізделген. Алынған нәтижелердің дұрыстығы зерттеу материалының жеткілікті көлемінен дәлелді. Сонымен қатар, зерттеу әдіснамасы және орындау сатылары негізделген әрі бірізділікпен баяндалған. Зерттеу дизайнында зерттеу әдістерін жүргізудің әр түрлерін үйлестіру диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттерін оптимальді шешу мүмкіндіктерін берді.</p> <p>Зерттеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлау және іске асыру жергілікті этикалық комитеттің оң пікірімен мақұлданған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы заманауи әдістері мен және деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері классикалық статистикалық сипаттау әдістері арқылы талданды. Біріншілік зерттеу мәліметтерін талдау салыстырмалы ақпараттық-аналитикалық, статистикалық әдістердің көмегімен жүргізіліп, докторантқа қорытынды тұжырымдары мен тәжірибелік ұсыныстарын өңдеуге мүмкіндік берді. Нәтижелерді статистикалық өңдеу SPSS Windows арналған 20.0 версиясымен (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламалардың статистикалық пакеті көмегімен жүргізілді. Сонымен, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып заманауи зерттеу әдістерімен нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау арқылы берілген жұмыстың мазмұнын толықтыра түскен.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары мәліметтердің баяндалу бірізділігімен сипатталып және анықталған заңдылықтармен, зерттеу жұмысының ғылыми</p>

	<p>анықталған өзара байланыстар ізденушінің өзіндік зерттеулерімен дәлделденген.</p>	
<p>делелденген және расталған (педагогикалық ғылымдардың оқыту бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	
<p>Диссертациялық жұмысты жазуда пайдаланылған мәлімдемелердің көпшілігі өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертация тақырыбына сәйкес библиография бөлімі талаптарға сай құрастырылған.</p> <p>Диссертацияны жазу барысында 250-ден астам әдеби көздер пайдаланылып, зерттеу мақсатына сәйкес талдаулары адалдық кодексіне сәйкес сілтемелер келтірумен құрастырылған. Әдеби шолуда соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамту көлемі зерттеу жұмысы үшін жеткілікті болып табылады.</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>
<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы зерттеу нәтижелерінің медициналық жоғарғы оқу орындары мен жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беруде тақырыптық оқыту, сонымен қатар жүкті әйелдерді босануға мультидисциплинарлы дайындау мақсатында медицина мекемелеріндегі барлық дәрігерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру үшін жұмыс бағдарламаларын құрастыруға негіз бола алуында.</p>		

<p>9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы қазіргі қоғамдағы біріншілік медициналық санитарлық көмек көрсету, сонымен қатар босану үйлерінің деңгейінде медициналық-психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеу үшін жүкті әйелдерді диспансерлеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау мекемелерінің іс жүзінде пайдалануына арналған. Қалалық емхана қызметінде медициналық, әлеуметтік және психологиялық құрауыштарды біріктірудің теориялық негізі ретінде ана рөлін орындауға әзірлік тұжырымдалатын болады. Оның қажеттілігін анықтау және медициналық қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында қалада тұратын қазіргі заманғы жүкті әйелдің медициналық-әлеуметтік портреті қалыптастырылатын болады. Жүктілікті кешенді медициналық-әлеуметтік және психологиялық сүйемелдеуге, сондай-ақ ана рөліне дайындықты қалыптастырудың маңызды факторы ретінде жаңа көзқарас негізделетін болады. Диссертациялық зерттеу барысында арнайы құрастырылған сауалнаманы жүкті әйелдер мен мен оларды босануға дайындайтын барлық агенттердің мәселелері мен мұқтаждықтарын анықтауда қолдануға болады.</p>
<p>9.3 Тәжірибе бойынша ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан аз жаңа)</p>	<p>Автормен құрастырылып ұсынылған жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілді бағалау нәтижелері, тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа әрі тәжірибеде сыналып негізделген.</p>

10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертацияның құрылымы дәстүрлі болып табылады, ол кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материал мен зерттеу әдістерінің сипаттамасынан, өзіндік зерттеу нәтижелерінен, қортындыдан, тәжірибелік ұсыныстар мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация сауатты, қолжетімді, ықшам тілде жазылған, күрделі стильдік қателері жоқ, академиялық жазбаның сапасы жеткілікті деп бағаланады.</p> <p>Рецензиялау барысында принципіальді кемшіліктер болған жоқ. Бірқатар сұрақтар мен ұсыныстар талқыланып ескерілді.</p> <p>Сонымен, Жадыра Ахметованың 6D110200-«Қоғамдық денсаулық сақтау» оқу бағдарламасы бойынша «Жүкті әйелдерді босануға дайындаудағы мультидисциплинарлы тәсілді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы барысында алынған нәтижелер өте маңызды, жеке өзі дайындаған мәнді еңбек деп бағалауға болады. Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы бар толық аяқталған жұмыс болып табылады, сондықтан да Жадыра Камбылқызын 6D110200-«Қоғамдық денсаулық сақтау» оқу бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>
-----	---------------------------	--	---

Ресми рецензент:

MD, PhD, MPH, жоғары санатты акушер-гинеколог, репродуктолог
 жоғары санатты денсаулық сақтау менеджері

Найсағалиева Аңғелия Сағрұбаевна

Қолды растаймын



Мирзахметова Динара Досалыевна